ШЕШІМ
Қазақстан Республикасының атынан

2025 жылғы 13 қараша № 5501-25-00-2/2741 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ә.С.Тюлембекова, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы» 6638 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Әділхан Нұрбекұлы Есенгелді «Әділхан» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы» 6638 әскери бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесінің Әділхан Нұрбекұлы Есенгелді «Әділхан» жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Әділхан Нұрбекұлы Есенгелді «Әділхан» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Әділхан Нұрбекұлы Есенгелді «Әділхан» жеке кәсіпкерден мемлекеттің пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья

Ә.Тюлембекова

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 13.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 22.12.2025, судья Тюлембекова А. С., 22.12.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»